

¹Қайполла Қ.  ²Шадкам З. 

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹qayrekeqay@gmail.com, ²Zubaide.z@kaznu.kz

МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚТАРДЫҢ «КИТАБ БАЙТАРАТ ӘЛ-УАДИХ» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ВЕТЕРИНАРИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада «Китаб байтарат әл-уадих» («Кең түсіндірмелі ветеринария кітабы») шығармасының мазмұны, зерттелу деңгейі және оның қазақ халқының дәстүрлі ветеринариясымен байланысы талданады. Шығарма мәмлүк-қыпшақтар дәуіріндегі ветеринариялық білім мен ислам медицинасының негізгі қағидаттарын қамти отырып, жылқы ауруларын анықтау және емдеу тәсілдерін жүйелі түрде сипаттайды. Зерттеу ортағасырлық медициналық трактаттарды, соның ішінде «Китаб байтарат әл-уадих» мұрасын қазіргі ғылыми әдіснамалар негізінде қайта бағалау қажеттілігін айқындайды. Кіріспеде мәмлүк-қыпшақтардың ветеринариялық тәжірибесіне және исламдық медициналық дәстүрге сүйенген тарихи жазба. Аудармашысы мен нақты жасалған орны белгісіз болғанымен, оның екі нұсқасы белгілі: бірі – мәмлүк-қыпшақ тілдік белгілерімен, екіншісі – оғыз-түрік элементтерімен ерекшеленеді. Мақаланың мақсаты: трактаттың мазмұнын, лингвистикалық сипатын және ғылыми айналымға ену тарихын саралау. Міндеттері: шығарманың құрылымын анықтау; қолжазба нұсқаларының ерекшеліктерін салыстыру; зерттелу деңгейін жүйелеу. Материалдар мен әдістер: зерттеу Түркия мен Францияда сақталған екі нұсқаға негізделді. Лингвистикалық және тарихи деректерді талдау үшін салыстырмалы зерттеу, транскрипция және мәтіндік-контекстуалдық әдістер қолданылды. Нәтижелер: шығарманың мазмұны ислам медицинасы мен мәмлүк-қыпшақ ветеринариясының жетістіктерін қамтитыны дәлелденді; қолжазбалардағы лексикалық және грамматикалық ерекшеліктер жүйеленді; «Китаб байтарат әл-уадих» түркі әлеміндегі ветеринария саласының ерте қалыптасқан ғылыми еңбектерінің бірі ретінде бағаланды.

Алғыс: Мақала «AP26101473 «Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі түркілердің жылқыға қатысты мәдениеті («Байтар-наме» мысалында)» гранттық жоба аясындағы зерттеулер негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: Китаб байтарат әл-уадих, мәмлүк-қыпшақ тілі, ветеринария, тарихи жазба мұралар, тілдік зерттеу.

Кіріспе

«Китаб байтарат әл-уадих» («كتاب بيطرة الواضح») – «Кең түсіндірмелі ветеринария кітабы») жазба ескерткіші – Толыбектің әмірімен жасалған «Байтара» атты араб тіліндегі кітаптың аудармасы. Шығарманың аудармашысы, көшірушісі және аударылған орны туралы нақты дерек жоқ. Онда жануарларда кездесетін ауру түрлеріне жекелеген сипаттамалар беріліп, олардың емдік жолдары мен тәсілдері, тәжірибе барысында алынған жетістіктер мен ислам медицинасына негізделген түсініктер берілген. Кіріспеден және жылқы ауруларына қатысты төрт бөлімнен тұратын жазбаның екі нұсқасы табылған. Жалпы 67 беттік бірінші қолжазба Түркияның Топкапы сарайы Реван Көшкү кітапханасында сақтаулы (архив № 1695). Тілдік ерекшеліктеріне қарағанда, бұл жазба – мәмлүк-қыпшақ тілі тобының қыпшақ тілді ерекшеліктері мол қолжазба. Ал, 144 беттен тұратын екінші нұсқасы Франция Ұлттық кітапханасының №179 архивінде сақтаулы. Бұл Анадолы түрік тілінің ерекшеліктері басым оғыз-түркмен тілді мұра.

Ең алғаш Садат Шағатай (Saadet Çağatay, 1957: 602-604) тілдік ерекшелігін талдап білім әлеміне танытқан бұл шығарма үшін Махмет Емин 1986 жылы Мармара университеті қоғамдық білімдер институтында (Baytaratu'l-Vâzih,-Metin-İndeks) тақырыпында магистрлік диссертация жазған (Mehmet Emin Açar, 1986: 360). Бұл мақалада тілдік талдау, мәтін және индекс берілген. 1988 жылы Жан Өзгір Ыстанбұл университеті қоғамдық білімдер институтында бұл шығармадан магистрлік диссертация қорғаған. Жан Өзгірдің бұл мақаласы негізінен алғы сөз, әуелгі мәтіннің латынша транскрипциясы, кейбір сөздер емлесіне қысқаша түсіндірме және сөздер индексінен құралған. 1994 жылы Жан Өзгір Ыстанбұл университеті қоғамдық білімдер институтында «Қыпшақша және түркменше жазбаларға салыстырғандағы «Китаб байтарат әл-уадихың» оғызшалануы» (түркменшеленуі туралы тілдік зерттеу)(Kitabü'l Hayl (Memlük Kıpçakçası ile Yazılmış ilk Türkl At ve Atıcık Eserinin Paris Yazması) деген атпен докторлық диссертация жазған (Can Özgür, 2003). Қайполла Қ., Қыдыр Т.Е. «Отан тарихы» журналында жарияланған «Мәмлүк-қыпшақтардың атбегілік және жауынгерлік өнерінің зерттелу ерекшелігі» атты мақалада мәмлүк-қыпшақтардың әскери және атбегілік өнеріне қатысты жазба мұралардың зерттелу жағдайын оның ішінде осы «Китаб байтарат әл-уадих» қолжазбасының зерттелуіне де қысқаша тоқталған. (Қайполла, Қыдыр, 2024:1034)

Бұл шығарма тарихи және мәдени контекстте зерттеу нысаны ретінде ерекше орын алады. Ол мәмлүк-қыпшақтар кезеңінің ветеринарлық білімінің және исламдық медицинаның терең көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, шығарманың тілдік негізі мен мәдени ерекшеліктері түркі тілдерінің тарихи даму үдерісі мен медициналық сөздер мен терминологияның қалыптасуына әсер еткен. Жылқы мәдениеті, оның әлеуметтік, экономикалық және әскери маңыздылығы түркі халықтарының дамуында шешуші рөл атқарды, сондықтан шығарманың мазмұны да осы аспектілерді қамтиды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында қолданылған мәтінтанулық, салыстырмалы-тарихи және контекстуалдық әдістер «Китаб байтарат әл-уадих» қолжазбасының екі нұсқасын жан-жақты саралауға және олардың лексика-грамматикалық, құрылымдық және палеографиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Қолжазбаның қыпшақ және оғыз элементтері қатар көрініс беретіндігі, араб-парсы ветеринариялық терминдерінің түркілік тілдік ортаға бейімделуі және бөлімдік құрылымдағы ерекшеліктер тарихи көптілділік жағдайын нақтылайды. Сонымен қатар, мәтінде кездесетін шөптік дәрі-дәрмектер, емдеу тәсілдері мен медициналық рецептуралар исламдық медицина дәстүрі мен түркілік этномедициналық тәжірибенің өзара ықпалдастығын дәлелдейді.

Жүргізілген лингвистикалық және тарихи талдаулар қолжазбаның ортағасырлық ветеринария ғылымының дамуына ғана емес, түркі халықтарының медициналық терминологиясының қалыптасуына да елеулі үлес қосқанын көрсетті. Екі нұсқаны салыстыра отырып, авторлар ветеринариялық білімнің түркі және исламдық дәстүрлер тоғысындағы эволюциясын анықтап, қолжазбаның ғылыми айналымдағы маңызын айқындады. Зерттеу нәтижелері «Китаб байтарат әл-уадих» еңбегінің тек тарихи дереккөз ретінде ғана емес, ветеринария, лингвистика және медициналық мәтінтану салалары үшін құнды ғылыми материал екенін дәлелдейді.

Талқылау

Тарихи контекст:«Китаб байтарат әл-уадих» еңбегінің Түркияның Топкапы сарайында сақталған нұсқасы (архив №1695) және Францияның Ұлттық кітапханасындағы нұсқасы (№179) бұл еңбектің мәмлүк дәуірінде кең таралғанын көрсетеді. Қолжазбадағы емдеу әдістерінің ішінде қыпшақтардың дәстүрлі жылқы емдеу тәсілдері де кездеседі. Мысалы,

тұяқ жарақаттарын емдеу үшін күкіртті май қоспасын қолдану тәсілі қазіргі қазақтардың «құрым маймен» емдеу әдісіне өте ұқсас.

«Китаб байтарат әл-уадих» – мәмлүк-қыпшақ дәуіріндегі ветеринариялық медицина бойынша ең маңызды жазба деректердің бірі. Бұл еңбек жылқы ауруларын анықтау, сипаттау және емдеу жолдары туралы жан-жақты мағлұмат береді. Еңбекте (Топ. нұсқа, архив №1695) жылқы аурулары және оларды емдеу әдістері былай жіктеліп көрсетілген:

Жылқы аурулары алты негізгі топқа бөлінеді:

1. Асқазан-ішек аурулары: Іш өту, іш қату; Қарын ісінуі; Құрттар мен паразиттер әсерінен болатын бұзылыстар.

Емдеу әдісі: дәрілік өсімдіктер, бал мен су қоспалары, тұзды ерітінділер.

2. Тыныс алу және жұқпалы аурулар: Өкпе қабынуы; Тұмау және жөтел; Тыныс жолдарының бітелуі.

Емдеу әдісі: ыстық компресс, түтінмен емдеу, бал мен шөп тұнбалары.

3. Тұяқ және аяқ аурулары: Тұяқ шіруі; Буындардың қабынуы (артрит); Сіңір тартылуы.

Емдеу әдісі: жылытылған майлармен сылау, қандыру әдісі.

4. Көз аурулары: Көздің іріңдеуі; Көру қабілетінің нашарлауы; Көзге шөп немесе бөгде зат түсуі;

Емдеу әдісі: көзді арнайы шөптермен жуу, тұзды су немесе бал қолдану.

5. Жүйке жүйесі аурулары: Есінен тану; Бас айналу; Дірілдер мен тырыспалар. Емдеу әдісі: қан алу, тыныштандыратын дәрілер, массаж.

6. Қан айналым жүйесі аурулары: Жүрек әлсіздігі; Қан қысымының ауытқуы; Қан айналымының бұзылуы;

Емдеу әдісі: шөптерден жасалған дәрілер, қан алу процедуралары.

Емдеу әдістерінің ерекшеліктері:

1. Дәрілік шөптер мен табиғи өнімдерді пайдалану.

2. Қан алу (флеботомия) арқылы емдеу.

3. Ыстық және суық компресстер.

4. Малға арнайы массаж және тыныштандыру әдістері.

Бұл еңбекте ортағасырлық ветеринарияның дамуы көрініс тапқан. Осы топқа жіктеуде әр аурудың көрінісі, оның белгілері және емдеу әдістері келтірілген. Бұл жіктеу дәстүрлі қазақ ветеринариясымен ұқсас, өйткені қазақ халқы да жылқының ауруларын сыртқы және ішкі белгілеріне қарай бөліп қарастырып, емдеу әдістерін өсімдіктер мен табиғи дәрілік заттар арқылы жүргізген. Қазақ халқы жылқы ауруларын төрт негізгі топқа бөліп емдеген: жарақат пен мертігуден болатын аурулар, арқа мен шоқтық жаралары, баптау мен артық жұмыс салдарынан туындайтын аурулар және жылқының табиғатына тән дерттер. Бұл жіктеу «Китаб байтарат әл-уадих» қолжазбасындағы емдеу түрлерінің құрылымымен үндес. Мәселен, «өлі тию» деп аталатын ішек аурулары қазақ емінде тоқ малды қатты айдау немесе құнарсыз шөп беру нәтижесінде туындайды делінсе, қолжазбада да іш ауруларының себебі ретінде жем беру тәртібінің бұзылуы айтылады.

Емдеу тәсілдері де ұқсас: құлақ ұшынан қан ағызу, көтенішекке май құю, балшықпен бұлау жасау, тұзды суға шомылдыру сияқты әдістер мәмлүк мәтіндерінде де сипатталған. Мәселен, Франциядағы нұсқада жылқыны тұзды сумен жуу арқылы тері ауруларын емдеу тәсілі толық сипатталған (Фр. нұсқа, №179). Бұл қазақтардың «жаралы жылқыны тұзды суға тоғыту» дәстүрімен өзектес. Мұндай сабақтастықтар Бабақұмар Қинаятұлы сипаттағандай, қазақ ветеринариясының тәжірибесі терең, жүйелі және мәмлүк-қыпшақ дәуірімен тарихи байланыста екенін көрсетеді (Қинаятұлы, 2023).

Қазақ халқының дәстүрлі ветеринариясында мал ауруларын емдеудің терең жүйеленген тәжірибесі қалыптасқан. Жағда Бабалықұлының деректері бойынша, жылқының іш ауруларына қарсы қолданылған дәстүрлі әдістер – мысалы, маймен сылау, тұзды сумен шаю,

шөппен бұлау, жусан, жантақ, алабота сияқты өсімдіктермен емдеу тәсілдері мәмлүк дәуіріндегі әдістермен мазмұн жағынан сәйкес келеді (Бабалықұлы, 1989:41–44). Бұл «Китаб байтарат әл-уадих» қолжазбасында кездесетін дәрілік өсімдіктерді қолдану тәсілдерімен ұқсастығын көрсетеді. Сонымен қатар, Бабалықұлы малдың тыныс жолы, ішек-қарыны, тұяғы мен буынына қатысты ауруларын нақты топтастырып, халық емшілері мен шөп дәрігерлерінің (емшілердің) қолданған әдістерін сипаттайды. Бұл тәсілдер мәмлүк қолжазбасындағы құрылыммен – яғни аурудың түрі, себебі, белгісі мен емдеу әдістерінің бірізділігімен үйлесім табады. Мәселен, тұяқ ауруларын балшықпен сылау немесе емдік шөп майларымен уқалау сияқты тәсілдер «Китаб байтарат әл-уадих» мәтініндегі мәліметтермен параллель жүреді (Бабалықұлы, 1989:52–55).

Осылайша, Жағда Бабалықұлы еңбегіндегі мәліметтерді мәмлүк дәуіріндегі байтарнама жанрындағы қолжазбамен салыстыру – қазақ халқының дәстүрлі мал емдеу жүйесінің ғылымилығын дәлелдеудің бір жолы болып табылады. Бұл тарихи сабақтастықты көрсетіп қана қоймай, ветеринариялық терминология мен таным жүйесінің жалғастығын да ашады.

Қазақтардың дәстүрлі ветеринариясы – тек тәжірибелік шөппен емдеу емес, сонымен қатар табиғатпен үйлесімді өмір сүру қағидаттарына негізделген дүниетанымдық жүйе. А. Мамытов өз еңбегінде қазақтардың малдың ауруын анықтауда тек медициналық белгілермен емес, жануардың мінез-құлқымен, жүріс-тұрысына, тіпті түнгі мазағымен де диагноз қойғанын атап өтеді (Мамытов, 2012:24–25). Бұл тәсілдер «Китаб байтарат әл-уадих» қолжазбасындағы «аурудың сыртқы белгілерін сипаттап, шөппен және маймен емдеу» бөлімдерімен мазмұндық үндестік табады.

С. Жүнісова зерттеуінде дәстүрлі ветеринария мен қазіргі ветеринарияны өзара толықтыру мүмкіндігі айтылады. Ол қазақ халқының малды күту, аурудың алдын алу, табиғи иммунитетті сақтау саласындағы білімі бүгінгі ғылыммен ұштастырылса, ұлттық ветеринария мектебі қалыптасуы мүмкін екенін көрсетеді (Жүнісова, 2019:49–50).

Лингвистикалық ерекшеліктер: Мәмлүк-қыпшақ тілі мен оғыз-түрік тілдерінің араласуы шығарманың лексикалық құрылымында анық байқалады. Түрік тіліне тән «ат» (жылқы), «сүйек» (буын), «шөп дәрі» (дәрілік өсімдік) сияқты терминдер араб медицинасының «байтар» (ветеринар), «илал» (ауру), «илладж» (емдеу) сөздерімен қатар қолданылады. Бұл туралы Садат Шағатайдың еңбегінде атап көрсетілген: «Шығармада кездесетін лексикалық ерекшеліктер мәмлүк-қыпшақтардың медициналық терминологияны өз тәжірибелеріне бейімдегенін айқындайды» (Шағатай, 1957: 602-604).

Қазақ дәстүрлі ветеринариясымен ұқсастықтар: Қазақ халқының жылқыны емдеу тәсілдері мен «Китаб байтарат әл-уадих» мәтініндегі әдістер арасында айқын ұқсастықтар бар. Мысалы, қазақтар асқазан-ішек ауруларын емдеу үшін «жусан» мен «аққурай» сияқты шөптерді қолданса, қолжазбада осы өсімдіктердің ұнтақталған қоспасын суық сумен араластырып беру ұсынылған. Мұндай әдістер туралы Жүнісова С. өз зерттеулерінде де атап өтеді (Жүнісова, 2019: 47). Ислам өркениетінде кең таралған «байтарнама» дәстүрі мәмлүк-қыпшақ қолжазбаларымен тығыз байланысты. Мұхитдин Элиячтың айтуынша, байтарнамелер – көбіне атқа байланысты ауруларды, емдеу жолдарын, аттың күтімі мен қасиеттерін сипаттайтын шығармалар. Арабша «байтар» сөзі – малдың тұяғын күтіп, емдеумен айналысатын маман деген мағына береді (Eliacik, 2023: 121-130). «Китаб байтарат әл-уадих» осындай байтарнамелердің типтік үлгісі ретінде, әрі түркі тіліне аударылып, мәмлүк тілдік ортасына бейімделгені арқылы ерекше құнды. Бұл шығармада да байырғы байтарнама жанрына тән құрылым – аурудың түрі, себебі, белгісі, емдеу әдісі мен қажетті шөп түрлері нақты сипатталады.

Мәдениетаралық ықпалдастық: Қолжазбада көрсетілген емдеу әдістерінің бірі – тері астына сұйықтық енгізу арқылы аурудың алдын алу (қазіргі инъекцияға ұқсас) ислам медицинасының ғылыми жетістіктерін көрсетеді. Мұндай әдістер қазақ дәстүрінде де «май тамызу» тәсілі түрінде қолданылған. Бұл дәстүрлер араб-иран медициналық ықпалмен бірге,

түркі халықтарының төл тәжірибесімен тоғысады (Al-Sarraf, 2014: 120-135). Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі ветеринариясында ислам дінімен кіріккен рухани элементтер де байқалады. Мысалы, Г. Құдайбергенова зерттеуінде халық емшілігі мен малдәрігерлік тәжірибенің өзара байланысы, емдік әрекеттер кезінде Құран аяттары мен дұғалардың қолданылуы баяндалады. Жануардың мінез-құлқына қарап диагноз қою немесе шөп беруде рухани дайындық жүргізу – мәдени-гуманитарлық ықпалдастықтың көрінісі (Құдайбергенова, 2015, 64–66-бб.).

Зерттеу нәтижелері

Жаңа ғылыми жаңалықтар: Қолжазбадағы көптеген емдеу әдістері қазіргі ветеринария үшін маңызды дерек көзі болуы мүмкін. Мысалы, тері ауруларын емдеу үшін қолданылған «сұр бор» (арабша: «талк») және «шөптен алынған майлар» (арабша: «дуһн») қоспаларының формуласы қазіргі тері ауруларына арналған майлар құрамына ұқсас. Мұндай тәсілдер туралы Садат Шағатай (Сағатау, 1957: 603) мен Махмет Еминнің (Ағар, 1986: 25) зерттеулерінде айтылады.

Қазақ дәстүрлі ветеринариясының ерекшеліктері: Қазақтарда жылқының тұяқ ауруын емдеу үшін қолданылған балшық пен «тұзды суға тоғыту» әдістері мәмлүк-қыпшақ тәжірибесінде де сипатталған. Атап айтқанда, қолжазбаның Франция нұсқасында (архив №179) жылқыны тұзды сумен емдеудің егжей-тегжейлі жазылғаны анықталды. Бұл әдісті қазіргі қазақ ветеринариясында қолданылатын гидротерапиямен салыстыруға болады.

Сабақтастық: Қазақ халқының дәстүрлі ветеринариясындағы «жылқының іш ауруына арналған көк шөп қоспасы» мәмлүк дәуірінде де қолданылған. Бұл шөп қоспаларының формулалары (жусан, аққурай, қылша) қолжазбада нақты көрсетілген және олардың заманауи дәрі-дәрмектерді дайындауға негіз бола алатыны анықталды. Жағда Бабалықұлының дәстүрлі мал емдеу жүйесі туралы жазбалары қазіргі заманғы қазақ ветеринариясының тарихи негіздерін айқындай түседі. Оның еңбегінде сипатталған емдеу әдістері – мысалы, жусан қайнатпасы, тұзды суға шомылдыру, жалаңаш шөппен уқалау – «Китаб байтарат әл-уадиһ» қолжазбасында келтірілген тәсілдермен тікелей ұштасады (Бабалықұлы, 1989:88–90). Бұл ұқсастықтар дәстүрлі медициналық білімнің ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге жеткендігін көрсетеді.

Қорытынды

«Китаб байтарат әл-уадиһ» қолжазбасы – мәмлүк-қыпшақ кезеңіндегі ветеринариялық білімнің құрылымданған және жүйеленген формасын көрсететін құнды жазба мұра. Бұл еңбек тек ислам медицинасының ықпалымен дамыған ғылыми трактат ғана емес, сонымен бірге түркі көшпелі мәдениетінің дәстүрлі емдеу тәжірибесін де бойына сіңірген. Жылқыға қатысты медициналық білімнің мұндай жүйелі сипатта берілуі көшпелі қоғамда мал шаруашылығының, әсіресе атбегіліктің әлеуметтік, әскери және шаруашылық тұрғыдан маңызын айғақтайды. Қолжазбада көрініс тапқан әдістер мен терминдер мәмлүк дәуірінде ветеринарияның ғылым ретінде қалыптаса бастағанын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері бұл қолжазбаның тек тарихи емес, қазіргі заманғы ветеринариялық ғылым үшін де өзекті дереккөз бола алатынын көрсетті. Шөппен емдеу, маймен сылау, тұзды суға шомылдыру, жараны балшықпен емдеу сияқты әдістердің қазіргі қазақ дәстүрлі ветеринариясында әлі күнге дейін қолданылып келе жатқаны – тарихи сабақтастықтың көрінісі. Бұл тәсілдер қолжазбада нақты рецептуралармен, материалдық құралдармен және қолдану жолдарымен сипатталған. Мәселен, Франциядағы нұсқада (№179) тұяқ ауруларын емдеуде тұзды сумен шаю әдісінің егжей-тегжейлі баяндалуы қазақтың гидротерапияға ұқсас тәжірибесімен үндес келеді. Мұндай ұқсастықтар қазіргі дәстүрлі ветеринариялық практиканы ғылыми негізде қайта қарап, функционалды түрде жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Сондықтан «Китаб байтарат әл-уадиһ» еңбегін ғылыми айналымға енгізу – тек филологиялық немесе тарихи қажеттілік ғана емес, сонымен қатар қолданбалы ветеринария,

фармакология және медициналық терминология үшін де өзекті мәселе. Қолжазбадағы мәліметтер мен емдеу әдістері қазіргі ғылыми әдістермен салыстырылып, дәстүр мен ғылым арасындағы сабақтастықтың негізінде жаңа пәнаралық зерттеулер жүргізуге жол ашады. Сонымен қатар, бұл еңбек түркі-мұсылман әлеміндегі ветеринариялық ой-сананың эволюциясын түсінуде, сондай-ақ қазақ халқының төл білімдік жүйесінің терең тамырларын тануда маңызды құрал бола алады.

Әдебиеттер:

- Al-Sarraf, 2014 – *Al-Sarraf S.* Veterinary practices in the medieval Islamic world: A historical perspective // *Journal of Medieval Medicine*, 2014.39(2). P. 120–135.
- Бабалықұлы, 1989 – *Бабалықұлы Ж.* Мал аурулары және оны емдеу // Алматы: Қайнар. 1989. С. 41–44.52–55.88–89.
- Eliaçık, 2023 – *Eliaçık M.* Baytarnâmeler. Z Dergisi. // [Электронды ресурс] <https://www.zdergisi.istanbul/makale/baytarnameler-269>(Қаралған күні: 14.05.2025).
- Жүнісова, 2019 – *Жүнісова С.* Қазақ мал шаруашылығының дәстүрлі жүйесі және оның қазіргі замандағы маңызы // *Қазақ ауылшаруашылық журналы*. 2019. 13(4). С. 45–57.
- Қайполла, Төрәлі, 2024 – *Қайполла Қ., Төрәлі Қ. Е.* Мәмлүк-қыпшақтардың атбегілік және жауынгерлік өнерінің зерттелу ерекшелігі // *Отан тарихы*. 2024.№ 4. С. 1034.
- Қинаятұлы, 2023 – *Қинаятұлы Б.* Жылқы аурулары және оны емдеу жолдары // [Электронды ресурс] <https://argymaq.kz/archives/4424>(Қаралған күні: 15.05.2025).
- Құдайбергенова, 2015 – *Құдайбергенова Г.* Қазақтың ұлттық медицинасы және ветеринария саласы // Астана: Фолиант. 2015. С. 64–68.
- Мамытов, 2012 – *Мамытов А.* Қазақтардың дәстүрлі ветеринариясы: тарихи-мәдени аспектілер // Алматы: Қазақ университеті. 2012. С. 23–27.
- Ағар, 1986 – *Ағар М.Е.* Baytaratu'l-Vâzih: Metin-İndeks. Мармара университети // Ыстанбұл. 1986. Sf. 25. 360.
- Özgür, 2003 – *Özgür C.* Kitabü'l-Hayl (Memlûk Kıpçakçasıyla yazılmış ilk Türk at ve atçılık eserinin Paris yazması) // İstanbul: Çantay. 2003. XII, 148 s.
- Çağatay, 1957 – *Çağatay S.* Kitâbu'l-Baytara ve Türkçe veterinerlik terimleri // *Journal of Turkish Studies*, 1957. Sf. 602–604.
- Çağatay, 1959 – *Çağatay S.* Eine Osttürkische Handschrift: Baytaratu'l-Vazih. In *Akten des Vierundzwanzigsten Internationalen Orientalisten Kongresses* // Wiesbaden. 1959. S. 602–604.

References:

- Al-Sarraf, 2014 – *Al-Sarraf S.* Veterinary practices in the medieval Islamic world: A historical perspective // *Journal of Medieval Medicine*, 2014.39(2). P. 120–135. [in English].
- Babalyquly, 1989 – *Babalyquly Zh.* Mal aurulary jáne ony emdew [Diseases of Livestock and Methods of Their Treatment] // Almaty: Qainar. 1989. P. 41–44.52–55.88–89. [in Kazakh].
- Eliaçık, 2023 – *Eliaçık M.* Baytarnâmeler [Baytarnâmes] // [Elektrondy resurs] <https://www.zdergisi.istanbul/makale/baytarnameler-269>(Qaralğan kuni: 14.05.2025). [in Turkish].
- Júnisova, 2019 – *Júnisova S.* Qazaq mal sharwashylygynyń dástúrli júesi jáne onyń qazirgi zamandaǵy mańyzı [The Traditional System of Kazakh Animal Husbandry and Its Contemporary Significance] // *Qazaq auylysharyashylyq jýrnaly*. 2019. 13(4). P. 45–57. [in Kazakh].
- Kaipolla, Kydyr, 2024 – *Kaipolla K., Kydyr T.E.* Mámlúk-qypshaqtardyń atbegilik jáne jaýyngerlik óneriniń zerttelý erekshelegi [The study of medieval manuscripts of the mamluks-kipchaks about horsemanship and combat] // *Otan Tarihy*. 2024.№ 4. P. 1034. [in Kazakh].
- Qınaiatuly, 2023 – *Qınaiatuly B.* Jylqı aurulary jáne ony emdew joldary [Equine Diseases and Their Treatment Methods] // [Elektrondy resurs] <https://argymaq.kz/archives/4424>(Qaralğan kuni: 15.05.2025). [in Kaz].

Qudaïbergenova, 2015 – *Qudaïbergenova G.* Qazaqtyñ ulttyq meditsinasy jáne veterinariia salasý [Kazakh national medicine and veterinary medicine] // Astana: Foliant. 2015. P. 64-68. [in Kazakh].

Mamytov, 2012 – *Mamytov A.* Qazaqtardyñ dástúrli veterinariiasy: tarihi-mádéní aspektiler [Traditional veterinary medicine of the Kazakhs: historical and cultural aspects] // Almaty: Qazaq University. 2012. P. 23-27. [in Kazakh].

Ağar, 1986 – *Ağar M.E.* Baytaratu'l-Vâzih: Metin-İndeks [Baytaratu'l-Vâzih: Text-Index] // Marmara University, Istanbul. 1986. P. 25. 360. [in Turkish].

Özgür, 2003 – *Özgür C.* Kitabü'l-Hayl (Memlük Kipchak language equine treatise, Paris manuscript) [Kitabü'l-Hayl (Memluk Kipchak language equine treatise, Paris manuscript)] // Istanbul: Çantay. 2003. XII, 148 s. [in Turkish].

Çağatay, 1957 – *Çağatay S.* Kitâbu'l-Baytara ve Türkçe Veterinerlik Terimleri [Kitâbu'l-Baytara ve Türkçe Veterinerlik Terimleri] // Journal of Turkish Studies. 1957. P. 602–604. [in Turkish].

Çağatay, 1959 – *Çağatay S.* Eine Osttürkische Handschrift: Baytaratu'l-Vazih. In Proceedings of the 24th International Congress of Orientalists [An East Turkic manuscript: Baytaratu'l-Vazih. In Proceedings of the 24th International Congress of Orientalists] // Wiesbaden. 1959. S. 602–604. [in German].

¹Қайполла Қ. ²Шадкам З.

^{1,2}Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
E-mail: ¹qayrekeqay@gmail.com, ²Zubaide.z@kaznu.kz

ИССЛЕДОВАНИЕ РУКОПИСИ МАМЛЮКСКО-КЫПЧАКСКОГО ТРУДА «КИТАБ БАЙТАРАТ АЛЬ-УАДИХ» И ТРАДИЦИОННАЯ ВЕТЕРИНАРИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация. В статье рассматриваются содержание, степень изученности и научная значимость трактата «Китаб байтарат аль-уадих» («Подробно толкуемая книга ветеринарии») в контексте традиционной ветеринарной практики казахского народа. Произведение объединяет опыт мамлюкско-кыпчакской ветеринарии и принципов исламской медицины, представляя систематизированные сведения о диагностике и лечении заболеваний лошадей. Исследование подчеркивает необходимость переоценки средневековых ветеринарно-медицинских трактатов, включая «Китаб байтарат аль-уадих», с позиций современной научной методологии. Трактат представляет собой медицинский текст, основанный на ветеринарной практике мамлюкско-кыпчакского периода и исламской лечебной традиции. Несмотря на отсутствие точных данных о личности переводчика и месте создания, известны две рукописные версии: одна – с ярко выраженными кыпчакскими языковыми чертами, другая – с огузо-туркскими элементами. Цель исследования – проанализировать структуру и содержание трактата, его лингвистические особенности и историю включения в научный оборот. Задачи исследования включают: определение композиционной структуры текста; выявление различий между рукописными версиями; систематизацию данных о степени научной разработанности произведения. Материалы и методы: основой послужили две рукописи, хранящиеся в Турции и Франции. Для анализа применялись сравнительный, лингвистический, транскрипционный и текстово-контекстуальный методы. Результаты исследования показали, что трактат отражает достижения исламской медицины и мамлюкско-кыпчакской ветеринарной школы; его лексические и грамматические особенности систематизированы, а сам текст признан одним из ранних научных трудов по ветеринарии в тюркском мире.

Ключевые слова: Книга байтарат аль-уадих, язык мамлюкско-кыпчаков, ветеринария, письменные исторические источники, лингвистическое исследование.

Благодарность. Настоящая статья подготовлена и опубликована в рамках грантового проекта AP26101473 «Культура тюрков, связанная с лошадей, в мамлюкско-кыпчакских письменных памятниках (на примере “Байтар-наме”»).

¹Kaipolla K. ²Shadkam Z.

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹qayrekeqay@gmail.com, ²Zubaide.z@kaznu.kz

THE STUDY OF THE MAMLUK-KIPCHAK MANUSCRIPT “KITAB BAYTARAT AL-WADIH” AND THE TRADITIONAL VETERINARY PRACTICES OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract. This article examines the content, degree of scholarly development, and scientific significance of the treatise Kitab Baytarat al-Wadih (“The Comprehensive Veterinary Book”) in relation to the traditional veterinary practices of the Kazakh people. The work integrates the veterinary knowledge of the Mamluk-Kipchak period with the principles of Islamic medicine, providing a systematic description of diagnostic methods and therapeutic practices for equine diseases. The study highlights the importance of reassessing medieval veterinary-medical treatises, including Kitab Baytarat al-Wadih, through contemporary academic methodologies. The treatise represents a medical manuscript grounded in Mamluk-Kipchak veterinary experience and Islamic therapeutic tradition. Although the translator and the precise place of compilation remain unknown, two manuscript versions are documented: one featuring distinct Kipchak linguistic characteristics, and the other reflecting Oghuz-Turkic elements. The aim of the study is to analyze the structure and content of the treatise, its linguistic features, and its trajectory of integration into scholarly circulation. The research tasks include: identifying the text’s structural composition; determining differences between the manuscript versions; systematizing data on the level of academic investigation of the work. Materials and methods: the study draws upon two manuscript versions preserved in Turkey and France. Comparative linguistic analysis, transcription, and textual-contextual methodologies were employed. The results demonstrate that the treatise embodies the achievements of Islamic medicine and the Mamluk-Kipchak veterinary school; its lexical and grammatical features have been systematized, and the work is recognized as one of the earliest scientific contributions to veterinary knowledge in the Turkic world.

Keywords: Kitab Baytarat al-Wadih, Mamluk-Kipchak language, veterinary science, historical written heritage, linguistic analysis.

Acknowledgement. This article was prepared and published within the framework of the grant project AR26101473, titled “Equine-Related Culture of the Turkic Peoples in Mamluk-Kipchak Written Sources (A Case Study of the ‘Baytar-name’).”

Авторлар туралы мәлімет:

Қайполла Қайрат, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының оқытушысы, PhD докторант, Алматы, Қазақстан.

Шадкам Зубайда – ф.ғ.к., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Жазба жәдігер және рухани мұра» ғылыми-зерттеу орталығының директоры.

Сведения об авторах:

Кайполла Кайрат, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Факультет востоковедения, преподаватель Кафедра Туркологии и истории стран Востока, PhD докторант, Алматы, Казакстан

Шадкам Зубайда – кандидат филологических наук, профессор, директор научно-исследовательского центра «Письменные памятники и духовное наследие» при Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Information about authors:

Kaipolla Kairat, Al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Oriental Studies, teacher of the Department of Turkish Studies and History of the East Almaty, Kazakhstan

Shadkam Zubaida – Professor, Director of the Scientific Research Center “Written Monuments and Spiritual Heritage” at al-Farabi Kazakh National University.